

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.447-450

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ АУДАНДАРЫНЫҢ АҒАШ ПЕН БҰТА ӨСІМДІКТЕРІ

Умарбаева Н.А. - докторант

Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қ.

Ағаштар мен бұталар қаладағы сәулеттік ғимараттармен бірге ұзақ мерзімді ладшафт құрып, тұрғындарға ыңғайлы ортаны қалыптастырады. Олардың барлығы бірдей урбандалған жағдайға ыңғайлы емес. Кейбір ағаш түрлері ластауыш агенттерге тұрақсыз болса, кейбіреулері салқын кезге шыдамсыз келеді, ал үшіншілері күтім жұмыстарын көп қажет етеді. Осы уақытқа дейін Ақтөбе қаласының ағаш - бұталарының түрлік құрамына талдау жұмыстары жүргізілген жоқ. Жалпы пайдаланымдағы қала екпелерін түгендеу жұмыстарында әдетте түрлік тиесілігі көп ескеріле бермейді. Қаланың ағаштары мен бұталары туралы дерек көздері өте аз. А.М.Мушегян (1962) анықтамалығында Қазақстанды 7 облысқа және 22 дендрологиялық ауданға бөлген. Ақтөбе дендрологиялық ауданы шөлейттенген шым мен астық дала арасы жайылымындағы емен мен шегіршін облысына жатқызылған [1]. Еңбекте сол жерге тән негізгі жабайы ағаш тұқымдары мен негізгі интродукцияланған тұқымдар берілген. Е.А.Адамов еңбегінде Ақтөбе облысына орман жабынының 0,04 % тиесілігін айтып, Қобда, Елек, Ембі, Қарғалы өзендерінің аңғарларында қаратерек, ақтерек, ағаш пішінді талдар (ақ және мортылдақ), көктерек, шегіршін, бұталардан бұталы талдар, татар үшқаты, шомырт, бүрген және т.б. өсетіндігін жазған [2]. В.А.Неофитов (1969) еңбегінде Ақтөбе қаласынан оңтүстікке қарай орналасқан «Октябрьский» елді мекенінде өсірілген және өсіруге болатын ағаштар тұқымдары тізімін келтірген. Соңғы жылдары С.А.Айпеисовамен Ақтөбе флористикалық округінің флорасы кешенді зерттелді. Ақтөбе флористикалық округінде ағаштар мен бұталардың үлесі – 6,7% және 6,9% сәйкесінше болды[4]. Осыған орай, зерттеу жұмысының мақсаты - Ақтөбе қаласының ағаштары мен бұталарын анықтау.

Зерттеу объектісі ретінде қаланың бірнеше аудандары алынды:

1. 8-ші мөлтекаудан (8М)
2. 11-ші мөлтекаудан (11М)
3. 12 -ші мөлтекаудан (12М);
4. Қала орталығы (ҚО) – көлік жүктемесі үлкен Абылқайыр хан мен А.Молдағұлова даңғылдары және Есет батыр мен Маресьев көшелері
5. Сазды ауданы (СЗ)
6. Шанхай ауданы (ШХ)

7. Москва ауданы (МС)
8. Тұрғындар қалашығы (ТҚ)
9. Авиақалашық (АВ)
10. Колхоз базары (КБ)
11. Теміржол вокзалы (ТЖ)
12. Өнеркәсіп зонасы (ӨЗ)

Төменде аталған аудандарда кездескен ағаш пен бұталар тізімі беріледі. Тұқымдастар, туыстар және түрлер латын әліппесі тәртібімен орналасқан. Түрлер атауынан кейін берілген сандар қай ауданнан табылғандығын көрсетеді.

Сем. Aceraceae

1. *Acer negundo* L.: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12.
2. *A. platanoides* L.: 1, 11.
3. *A. tataricum* L.: 1, 2, 3.

Сем. Betulaceae

4. *Betula pendula* Roth: 2, 3.
5. *Alnus glutinosa*(L.) Gaertn.: 5, 6.

Сем. Cannabaceae

6. *Humulus lupulus* L.: 7, 8.

Сем. Caprifoliaceae

7. *Lonicera tatarica* L.: 1, 4, 9.
8. *Viburnum opulus* L.: 1, 5, 6.

Сем. Cupressaceae

9. *Juniperus sibirica* Burgsd.: 4, 6.
10. *Cupressus sempervirens* L.: 4, 7.
11. *Thuja occidentalis* L.: 4, 8, 11.

Сем. Elaeagnaceae

12. *Elaeagnus angustiflora*L.: 2, 3, 4, 6, 12.
13. *E.oxycarpa*Schlecht.: 1, 2, 3, 4.
14. *Hippophae rhamnoides*L. - 9.

Сем. Hippocastanaceae

15. *Aesculus hyppocastanum* L.: 6.

Сем. Grossulariaceae

16. *Ribes nigrum*L.: 1-12
17. *R. aureum* Pursch.: 6, 7, 9.

Сем. Fabaceae

18. *Caragana arborescens* Lam.: 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10.
19. *C. frutex* (L.) C. Koch.: 3, 9.
20. *Amorpha fruticosa*L.: 2, 6.

Сем. Fagaceae

21. *Quercus robur* L.: 5, 9.

Сем. Oleaceae

22. *Fraxinus lanceolata* Borkh.: 2, 3, 4, 10.
23. *F. pennsylvanica* Marsh.: 4, 6.
24. *Syringa vulgaris* L.: 1-12

Cem. Pinaceae

25. *Abies alba* Mill.: 4, 11.
26. *Larix sibirica* Ledeb.: 4, 11.
27. *Picea abies* (L.) Karst.: 1, 4, 12
28. *P. Scherenkiana* – Fisch. Et Mey.: 2, 3.
29. *P. obovata* Ledeb.: 3, 4, 12.
30. *P. pungens* Engelm.: 4, 9, 11.
31. *Pinus sibirica* Du Tour: 3, 4.
32. *P. sylvestris* L.: 3, 4.
33. *P. montana* Mill.: 4.

Cem. Rosaceae

34. *Amelanchier spicata* (Lam.) C.Koch: 2, 3, 9.
35. *Armeniaca vulgaris* Lam. Encycl. meth. I: 1, 7, 9.
36. *Amygdalus nana* L.: 6, 7.
37. *Cerasus fruticosa*(Pall.) G. Woron.: 2, 6, 7.
38. *Crataegus sanguinea* Pall.: 1, 2, 6, 7, 10.
39. *C. korolkowii* L.Henry = *altaica*Lg.: 1, 2, 3, 5.
40. *Malus baccata* (L.) Borkh.: 1, 6, 10.
41. *M. kirghisorum* Al. Theod. et Fed. = *M. sieversii*: 6, 9, 10.
42. *Padus avium* Mill.: 4, 9.
43. *P. virginiana* (L.) Mill.: 2, 9.
44. *Pyrus communis* L.: 7, 8.
45. *Prunus domestica* L.: 2, 3.
46. *P. spinosa* L.: 5, 6.
47. *Rosa laxa*Retz.: 6, 9.
48. *R. spinosissima* L.: 4, 7.
49. *R. majalis* Herrm.: 2, 6.
50. *R. glabrifolia* C.A.Mey. ex Rupr.: 1, 3, 5.
51. *R. canina* L.: 9.
52. *Rubus idaeus* L.: 5, 6.
53. *R. matsumuranus* LevL (*R. sadialinensis* Levi): 6, 9.
54. *Sorbus aucuparia* L.: 4.
55. *S. sibirica*Hedl.: 4, 10.

Cem. Salicaceae

56. *Populus alba* L.: 3, 4.
57. *P. laurifolia* Ledeb.: 2, 3.
58. *P. nigra*L. : 1, 2, 3, 8, 9.
59. *P. tremula* L.: 1, 2, 3, 4, 5, 8, 9, 11.
60. *P. canescens* (Ait.) Smith: 3, 4.
61. *Salix acutifolia*L.: 2, 3, 8.
62. *S. pentandra* L.: 3, 7.
63. *S. caprea* L.: 3, 4, 7, 11.
64. *S. viminalis* L.: 3, 6.

Cem. Tamaricacea

65. *Tamarix gracilis* Willd.: 3, 11.

66. *T. laxa* Willd.: 3, 4, 11.

Сем. Ulmaceae

67. *Ulmus glabra* Huds.: 1-12

68. *U. laevis* Pall.: 1-12

69. *U. pinnato-ramosa* Dieck.: 1-12

Сем. Vitaceae

70. *Parthenocissus quinquefolia* (L.) Planch.: 4, 9.

71. *Vitis vinifera* L.: 6, 7.

Қала аудандарын зерттеу барысында 17 тұқымдас пен 40 туысқа жататын 71 ағаш пен бұталар анықталды. Қала көшелерінде түр саны бойынша *Rosa* мен *Populus* (5 түрден), *Salix* пен *Picea* (4 түрден) және *Acer*, *Pinus*, *Ulmus* (3 түрден) туыстары басым; 11 туыс 2 түрмен және 22 туыс 1 түрмен анықталды. Түр саны бойынша басым тұқымдастар - *Rosaceae*, *Salicaceae* және *Pinaceae* Ақтөбе дендрофлорасының 56,3% алды.

Зерттелген аудандардың барлығында *Ulmus pinnato-ramosa*, *Acer negundo*, *Populus tremula*, *Syringa vulgaris* кездеседі. Қала орталығында аталған ағаш түрлерімен қатар *Juniperus sibirica*, *Cupressus sempervirens*, *Thuja occidentalis*, *Fraxinus pennsylvanica*, *Abies alba*, *Larix sibirica*, *Picea abies*, *Pinus sibirica* кездеседі. Түрлік құрамы бойынша кедей аудандарға Колхоз базары мен өнеркәсіп зонасын айтуға болады. Онда ағаштар құрамы негізінен *Ulmus pinnato-ramosa*, *Acer negundo*, *Syringa vulgaris* құрылса, жекелеген үлескілерде *Picea abies*, *P. obovata* кездеседі. Москва және Шанхай райондарында *Armeniaca vulgaris*, *Amygdalus nana*, *Cerasus fruticosa*, *Crataegus sanguinea*, *Malus baccata*, *M. kirghisorum*, *Pyrus communis*, *Prunus domestica* түрлерінің жиі кездесулерін ол аудандарда жеке үйлер секторларының көп болуымен байланыстыруға болады. *Rosa* түрлері қаланың барлық дерлік аудандарында кездеседі.

Жалпы қаланың көгалдануындағы негізгі ағаштар мен бұталар келесідей: *Ulmus pinnato-ramosa*, *Populus tremula*, *Ulmus scabra*, *Acer negundo*, *Caragana arborescens*, *Syringa vulgaris*. Бұл 6 түрді тұрақты деп есептеуге болады, дегенмен негізгі ассортиментті тұрақты, декоративті *Acer tataricum*, *A. ginnala*, *Fraxinus pennsylvanica*, *Syringa villosa*, *Pyrus ussuriensis*, *Rosa spinosissima*, *Salix fragilis* сияқты түрлермен толықтыруға болады. Келтірілген тізім ішінен *Acer negundo*, *Ulmus pinnato-ramosa* түрлерін қала көшелеріне отырғызуды шектеген жөн. Өйткені, *Acer negundo* өзінің тез өсуімен, тұқымының тез жаңаруы қабілеттілігінен өте төзімді болып келеді де, оның өсуін азайту қиынға түседі. Ол қала ортасының эстетикалық күйін төмендетеді. *Ulmus pinnato-ramosa* қыста көбіне үсуінен оның қураған бұтақтары қала ландшафтысын әдемілемейді. Ол бұл ағаш түрін тиімсіз етіп, көгалданудағы орнын төмендетеді. Мұндай түрлер аборигенді флора элементтерін ығыстыратын Еуропадағы жергілікті емес, бөтен түрлердің интродукциясына мысалы бола алады[5].

Қазір жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстары болашақта Ақтөбе қаласының келбетін келтіретін ағаштар мен бұталардың түрлік құрамын толық зерттеп, толық мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Ал, ол қаланы

гүлдендіретін нақты негізгі ағаштар мен бұталар тізімін құруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мушегян А.М. Деревья и кустарники Казахстана. - Алма - Ата: Казсельхозгиз. Т.1. - 1962; Алма-Ата: Кайнар, т. 2, 1966. - 25 с.
2. Е.А.Адамов «Деревья и кустарники для ползащитного лесоразведения в Западном Казахстане»- Алма - Ата: Казсельхозгиз. - 1963; - 9 с.
3. В.А.Неофитов Защитные лесные насаждения на пастбищах. - Алма – Ата: Кайнар – 1969; - 6 с.
4. Айпеисова С.А. Анализ жизненных форм растений Актюбинского флористического округа. Вестник ОГУ №4/апрель 2009. - С. 108-109.
5. Roy D.B.(2010). “Invasive alien species in Europe: a review of the patterns, trends and impacts reported by the DAISIE project. “IOBC/WPRS Bulletin 58: 91- 95.